

Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі N 743 қаулысы

Ел экономикасының мұқтаждары үшін дизель отынының қажетті қорын жасау мақсатында және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексі 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан тұрмыстық пештік отыннан басқа, дизельдік отынды (ТМД СЭҚ ТН коды - 2710 00 610 - 2710 00 690) 2003 жылғы 25 шілде - 15 қазан кезеңінде әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын әкетуге Қазақстан Республикасы тыйым салуды енгізетіні туралы хабардар етсін.

4. Облыс әкімдері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметін алдағы күзгі дала жұмыстарында республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін дизель отынымен қамтамасыз ету ісінің жай-күйі туралы хабардар етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М Мыңбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі